



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2022 ж. 19 қаңтар № 2 - 02/21  
Павлодар қаласы

город Павлодар

**Ғылыми-тәжірибелік қашықтық  
конференцияны өткізу туралы**

Талантты жастарды қазіргі уақытта басым және перспективалық білім салалары бойынша ғылыми-зерттеу қызметіне тарту мақсатында  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ж. Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі базасында 2022 жылғы 28 ақпанда Қазақстан Республикасының және ТМД елдерінің жалпы білім беретін мектептерінің, лицейлердің, гимназиялардың оқушылары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері үшін «XXI ғасыр колледжі - тәжірибе, құзыреттер, жобалар» ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференциясы өткізілсін.

2. Ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференцияны өткізу туралы ереже (1-қосымша), ұйымдастыру комитетінің құрамы (2-қосымша) бекітілсін.

3. Техникалық және кәсіптік білім беру бойынша оқу-әдістемелік кабинеті мен Ж. Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжінің басшысы (А.Е. Айтуарова) ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференция өткізу үшін материалдық-техникалық базаны дайындауды қамтамасыз етсін.

4. Облыстың жалпы білім беретін мектептерінің, лицейлердің, гимназиялардың (келісім бойынша), техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшылары оқушылар мен студенттердің конференцияға қатысуын ұйымдастырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшының орынбасары А.Е. Абеноваға жүктелсін.

Басқарма басшысы

Д. Болатханұлы

Бұйрықпен таныстырылды:

\_\_\_\_\_ А. Абенова  
\_\_\_\_\_ А. Иманшарипова

Білім беру басқармасының  
2022 жылғы

« \_\_\_\_\_ »  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығына  
1-қосымша

**Павлодар облысының, Қазақстан Республикасының және ТМД елдерінің мектеп, лицей, гимназия, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған «XXI ғасыр колледжі - тәжірибе, құзыреттер, жобалар» ғылыми-практикалық конференциясының Ережесі**

**I. Жалпы ережелер**

- 1.1 Осы Ереже мектеп оқушылары мен колледж студенттері үшін халықаралық қатысумен өткізілетін «XXI ғасыр колледжі-тәжірибе, құзыреттер, жобалар» ғылыми - практикалық конференциясын (бұдан әрі – Конференция) өткізу регламентін айқындайды;
- 1.2. Конференцияда қаралған мәселе аяқталған жобалар немесе қатысушылардың қолданбалы зерттеу жұмыстары түріндегі ғылыми-практикалық жұмыстар болып табылады;
- 1.3 «Жоба» термині бірегей өнімді немесе қызметті жасауға бағытталған өзара байланысты іс-шаралар кешенін білдіреді;
- 1.4 «Қолданбалы зерттеу жұмысы» термині Конференцияның пәндік тақырыптары шеңберінде техникалық мәселелерді практикалық шешуге бағытталған ғылыми зерттеулерді білдіреді;
- 1.5 Жобаның өнімі – жоба бойынша жұмысты орындау барысында алынуы тиіс өлшенетін нәтиже. Өнімнің немесе қызметтің бірегейлігі оның қасиеттері мен сипаттамаларының кешенімен анықталады;
- 1.6. Қолданбалы зерттеу жұмыстарының өнімі зерттеу барысында ашылған құбылыстар мен 2 процесті практикалық қолдану жолдарын табуға арналған ғылыми жұмыстар болып табылады;
- 1.7 Жоба және қолданбалы зерттеулер олардың мақсатына жеткен және нәтиже алған кезде іске асырылған болып саналады;
- 1.8 Жұмыстарды Конференция ұйымдастырушылары ұйымдарының өкілдерінен және өзге де мамандардан тұратын қазылар алқасы бағалайды.

**II Конференцияның мақсаттары мен міндеттері**

- 2.1 Конференцияның мақсаты: талантты жастарды қазіргі уақытта басым және перспективалық білім салалары бойынша ғылыми-зерттеу қызметіне тарту.
- 2.2 Конференцияның міндеттері:
  - білім беру кеңістігін кеңейту;
  - білім алушыларда техникалық бағыттағы кәсіпті таңдауға және кәсіптік білім алуға саналы көзқарасты қалыптастыру;

- білім алушыларды зерттеу қызметіне тарту, ғылымды, техника мен технологияларды дамыту үшін практикалық маңызы бар міндеттерді шешуге тарту;
- білім алушылардың ақпараттық мәдениетін арттыру;
- дарынды жастарды анықтау және қолдау, білім алушылардың үздік жетістіктерін көрсету және насихаттау;
- білім беру үдерісіне қатысушылардың коммуникативтік мәдениетін арттыру;
- білім беру процесіне қатысушылардың тәжірибесімен алмасу және кәсіби байланыстар орнату.

### **III Конференцияны ұйымдастыру**

3.1 Конференцияның ұйымдастырушысы «Павлодар облысының білім беру басқармасы» ММ қолдауымен «Ж.Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі» ШЖҚ КМК (бұдан әрі — Ұйымдастыру комитеті) болып табылады.

3.2 Өтетін орны: Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Астана көшесі, 1, «Ж.Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі» ШЖҚ КМК;

3.3 Конференцияның ресми Интернет-ресурсы <https://cjm.kz/> колледж сайты болып табылады;

3.4 Ұйымдастыру комитеті Конференцияны ұйымдастырушы ұйымдардың өкілдерінен тұрады;

3.5 Ұйымдастыру комитеті Конференцияны дайындауды және өткізуді жүзеге асырады, Қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, Конференцияға қатысуға тіркелу және Конференцияға қатысушыларға кеңес беру мүмкіндігін ұсынады.

### **IV Конференцияға қатысу шарттары**

4.1 Конференцияға қатысу тегін;

4.2 Конференцияға қатысу үшін әдістемелік тұрғыдан дұрыс зерттеу жұмысының немесе жобаның барлық бөлімдерін қамтитын, жинақталған материалды өңдеу, талдау және түсіндіру, таңдалған тақырып бойынша әдебиеттерге шолу жасалған жұмыстар қабылданады;

4.3 Конференцияға Павлодар облысының, Қазақстан Республикасының және ТМД елдерінің жалпы білім беретін мектептерінің, лицейлерінің, гимназияларының, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқушылары (бұдан әрі - қатысушылар) қатысады;

4.4 Конференция жоспарының тақырыптық бағытына сай келмейтін немесе көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған жұмыстар мен жобалар қарауға қабылданбайды;

4.5 Қарауға келесі бағыттар бойынша жобалар мен зерттеу жұмыстары қабылданады: гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттар, энергетика, жылу техникасы, экономика, тамақтану технологиясы, өндірістегі жаңа технологиялар, IT технологиялар саласындағы арнайы пәндер бойынша.

4.6 Конференцияға қатысу үшін қарауға түскен барлық жұмыстар сараптамалық іріктеуден өтеді;

4.7 Конференцияға қатысу үшін 2022 жылдың 14 ақпанынан кешіктірмей колледждің [aksucollege@mail.ru](mailto:aksucollege@mail.ru) электрондық поштасына өтінім беру қажет;

4.8 Конференцияға ұсынылатын жұмыстар колледж сайтында жарияланған талаптарға сәйкес рәсімделуі тиіс;

4.9 Конференцияға тіркеле отырып, қатысушылар осы Ережемен, жеке деректерді өңдеуге келісетіндерін растайды, сондай-ақ сараптамалық және көпшілік алдында қарау және талқылау, бұқаралық ақпарат құралдарында және бейінді басылымдарда жариялау үшін жобалардың немесе қолданбалы зерттеу жұмыстарының бағытталған нәтижелерін ұсынуға ниет білдіреді.

## **V. Конференцияны өткізу регламенті**

5.1. Ұйымдастыру комитеті сараптама және ұсынылған жұмыстарды іріктеу негізінде конференция секцияларының тізбесін және оларға қатысушылардың тізімін анықтайды. Конференция күндізгі және сырттай нысанда өтеді;

5.2. Конференцияның сырттай нысанына тек басқа қаладан келгендер (Ақсу қаласының тұрғындары емес) қатыса алады;

5.3. Сырттай нысан қашықтық режимде стендтік формат түрінде өткізіледі. Стендтік форматтағы Конференцияға қатысушылар онлайн режимінде Қазылар алқасының сұрақтарына жедел жауап беруге міндеттенеді;

5.4. Күндізгі нысан көпшілік алдында сөз сөйлеу форматында (Конференциядағы көрнекі презентация) өткізіледі;

5.5. Конференцияға қатысушылар қазылар алқасының алдында жүзеге асырылған жобалардың мазмұнды нәтижелерін қорғайды. Қатысушылардың қазылар алқасының мүшелерімен ғылыми пікірталасына, өз ұстанымын мазмұнды қорғауға жол беріледі;

5.6. Көпшілік алдында сөз сөйлеу форматындағы Конференцияға қатысушылар Конференцияда іске асырылған жобалардың нәтижелерін презентациялық баяндамалар түрінде ұсынады;

5.7. Конференцияны өткізу мерзімі:

- жұмыстарды қабылдау: 2022 жылғы 24 қаңтар - 14 ақпан;
- ұсынылған жұмыстардың сараптамасы - жұмыстардың келіп түсуіне қарай;
- күндізгі кезеңге жіберілген жұмыстар тізімі 2022 жылғы 21 ақпанда колледждің <https://cjm.kz/> сайтында жарияланады.

5.8. 2022 жылғы 28 ақпанда Конференцияның күндізгі кезеңін өткізіледі <https://cjm.kz/>.

5.9. Ұсынылған материалдарға сараптама жүргізу кезінде Қазылар алқасы жұмысты бағалайды;

5.10 Жеңімпаздардың, жүлдегерлер мен ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылардың жұмыстары конференцияның электронды жинағында колледж сайтында орналастырылады

5.11 Конференция жүлдегерлері 2 және 3 дәрежелі дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады. Конференция жеңімпаздары 1 дәрежелі дипломдармен марапатталады. Жүлдегерлердің ғылыми жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Конференцияның барлық қатысушылары сертификаттармен марапатталады.

## **5 Жобалық қызметті бағалау критерийлері**

**Жобаның өзектілігі** (осы тақырып бойынша бар қайшылықтарды шешуді болжайтын қазіргі уақытта жобаның негізділігі), әлеуметтік (практикалық, теориялық) маңыздылығы.

**Жобалық ойды іске асырудың толықтығы** (бастапқы мақсатты, алынған өнімдегі талаптарды іске асыру деңгейі, барлық міндеттер шешілді ме).

**Жобаның нәтижесі** (нәтижесінде не болды).

**Проблемалық** (жобалық қызметтегі проблеманың болуы және сипаты, проблеманы, проблемалық жағдайды тұжырымдай білу);

**Мазмұндылығы** (ақпараттылық деңгейі, жобаның мағыналық сыйымдылығы).

**Ғылымилық** (зерттелген және жобада ұсынылған материалдың, сондай-ақ зерттелетін проблема бойынша осы ғылыми саладағы олармен жұмыс істеу әдістерінің арақатынасы, нақты ғылыми терминдерді пайдалану және олармен жұмыс істеу мүмкіндігі).

**Ақпаратпен жұмыс істеу** (ақпаратпен жұмыс істеу деңгейі, жаңа ақпаратты іздеу тәсілі, ақпаратты беру тәсілі - жаңғыртудан талдауға дейін).

**Жүйелілік** (барлық құбылыстарды, процестерді жиынтықта қарастыру, іс-әрекеттің жалпыланған тәсілін бөліп көрсету және оны жұмыста міндеттерді шешу кезінде қолдану қабілеті).

**Интегративтілік** (әртүрлі білім салаларының байланысы).

Білім беру басқармасының  
2022 ж. «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығына  
2-қосымша

Өтінім нысаны

1.	Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен)	
2.	Туған күні, айы, жылы	
3.	Ел, облыс, қала / ауыл	
4.	Оқу орнының атауы (толығымен)	
5.	Индексі көрсетілген пошталық мекен-жайы	
6.	Жобаның/зерттеу жұмысының атауы	
7.	Байланыс телефоны	
8.	E-mail	
9.	Ғылыми жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты (толығымен), атағы (болған жағдайда), лауазымы, жұмыс орны	

Өтінімді рәсімдеу кезінде файлдың атауын жазу керек, мысалы,  
**Жумадилова Г.А. \_ өтінім \_ Павлодар.docx.**

## **Баяндама мәтінін рәсімдеуге қойылатын талаптар**

Бір баяндаманың көлемі А4 форматындағы кітап бағдарындағы төрт беттен аспайды. Мәтін мен кестелерді теру үшін MS Word мәтіндік редакторы 7.0-ден төмен емес нұсқаны пайдалану керек. Формулалар тек стандартты MS Equation формула редакторымен орындалады (немесе тікелей MS Word-та), суреттер Microsoft Word сурет редакторымен, Paintbrush немесе Excel редакторымен жасалады (мәтінге енгізілуі керек). Қаріп-Times New Roman. Кегль – 14, жоларалық интервал-1,5.

Өрістер: сол жағы – 2 см, оң жағы – 1 см, жоғарғы жағы – 1 см, төменгі жағы – 1 см.мәтінде мәжбүрлі берілістерді қолдануға болмайды. Ені бойынша туралау, абзац шегінісі-1,25 см. беттер нөмірленбейді. Пайдаланылатын дереккөздерге сілтемелер беттердің нөмірлерін көрсете отырып (бар болса) мәтін бойынша беріледі және тік жақшадағы сандармен белгіленеді, мысалы: [2, 11-12 б.]. Бет сілтемелерін жасамау.

### **Мәтін қамтуы тиіс:**

– мақала атауын көрсету (бас әріптермен, жартылай қалың қаріппен – ортасында);

– тақырыптан бір жолды өткізіп алғаннан кейін автордың (бір жолдағы Авторлардың) тегі мен инициалдарын жазу (студенттерге-мамандығын көрсету қажет, оқушыларға мыналарды көрсету қажет);

– ғылыми жетекшінің тегі мен аты-жөнін, оның ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағын (егер бар болса);

– білім беру ұйымының атауы;

– қаласы;

– негізгі мәтін;

– негізгі мәтіннен кейін – ҚР СТ 994-2012 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Тақырыптар мен мәтінді жобалау мысалдары:

## **ӨНДІРІСТЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

Насырова Мөлдір Нұрланқызы, «Есептеу технигі және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының студенті

Ғылыми жетекші: Жұмаділова Гүлмира Амангелдіқызы, оқытушы,  
«Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі» ШЖҚ КМК, Ақсу қаласы

Мәтіннің негізгі бөлігі [1, с.21 – 23].

### **Библиографиялық тізім**

1. Рахметова С.Қазақ тілі.- Алматы: Мектеп, 2010.– Б.27-30. - Мәтін: тікелей.
2. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451-І Заңы. - URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000451\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000451_) (өтініш берген күні: 20.05.2021). - Мәтін: электрондық.



## Стендтік баяндаманы ұсынуға қойылатын талаптар

**Стендтік баяндаманы рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар:** жұмыстың негізгі сәттерін анық және нақты көрсету. Авторлар демонстрациялық материалдар ретінде тіркеу құралдарының жазбаларын, зертханалық журналдардың фрагменттерін, құрал-саймандарды, жаңа бұйымдардың үлгілерін және т. б. пайдалана алады.

Стенділік баяндамаларды жүргізудің барлық кезеңі ішінде ұсынылған баяндама авторларының кем дегенде біреуі өз стендінде болуы және орындалған зерттеулердің мәніне қатысты толық ақпарат беруге дайын болуы тиіс. Бір қатысушының екі немесе одан да көп стенділік баяндамаларға қызмет көрсетуіне жол берілмейді.

### Стенділік баяндаманың ұсынылатын материалдары

**Плакат өлшемі:** ұсынылған формат А1-ден аспайды. Жоғарғы бөлігінде жұмыстың атауы орналасады, ол тік шрифтпен басылады (кегль кемінде 48). Төменде Авторлардың және ғылыми жетекшінің Тегі, жұмыс орындалған мекеменің атауы көрсетіледі (ұсынылатын кегль кемінде 36). Негізгі ақпараты бар мәтін тік қаріппен басылады (кегль 18).

### Ұсынылған постер бөлімдері:

**Стенділік баяндаманың материалдарында мыналар болуы тиіс:**

- баяндама тақырыбы, автордың аты-жөні және оқу орны;
- кіріспе (міндетті емес);
- орындалған жұмыстың өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері;
- зерттеу әдістемесі;
- нәтижелері;
- қорытындылар;
- әдебиет, алғыс (қажет болған жағдайда);
- өндіріске немесе ғылыми қызметке енгізу туралы ақпарат (бар болса).

**Ұсынылатын дизайн:** Суреттер мен кестелердің атаулары болуы керек. Суреттердің, кестелердің форматы, әріптердің биіктігі, графиктердегі сызықтардың қалыңдығы және т.б. материалды кемінде 2 м қашықтықтан оқуға мүмкіндік беруі керек. Алайда, бұл жағдайда шамадан тыс "өзгеруден" аулақ болу керек.